




асық

ОЙЫН ЕРЕЖЕСІ
ПРАВИЛА ИГРЫ
RULES OF THE GAME







Ж.С. Сабыржанов
Е.Б. Нарымбаев

АСЫҚ

ОЙЫНЫ ЕРЕЖЕСІ

Астана
2011 ж.

**Қазақстан Республикасының Туризм және спорт Министрлігінің
спорт Комитеті
Республикалық «Асық ату» Федерациясы**

Құрастырғандар: **Ж.С. Сабыржанов** - доцент,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
жаттықтырушысы, Қазақстан Республикасының
құрметті спорт қайраткері.

Е.Б. Нарымбаев - Қазақстан Республикасының
құрметті спорт қайраткері “Қазақ ССР халық
ағарту ісінің озық қызметкері”.

Асық ойнаған озар

Ұлттық болмыста ешқандай басы артық дүние болмайды. Ол ойын бола ма, әдет-ғұрып, салт-дәстүр бола ма, бәрі де адамның өзінің өскен ортасына сай, жан-жақты жетілген азамат болуына көмектеседі. Асық ату - көшпелі халықтардың, әсіресе, қазақ ұлтының ежелгі кезден келе жатқан ойыны. Жалпы балалардың ойыны болып есептелсе де, оның басқа түрі болмағандықтан ба, әлде өзінің қызықтығынан ба, бірақ оны ағы да, қарасы да, үлкені де, жасы да, батыры да, биі де ойнаған. Соған байланысты оның түрі де көп – далада ойнайтын түрлері, үйде ойнайтын түрлері. Бүгінгі көріп отырғанымыз – барлығы далада ойнап отыратын түрлері. Соның өзі бір-неше түрге бөлінетіні белгілі. Асық ату бұл негізінен ауыл балаларының сүйікті ойыны десек, қателеспейміз. Біріншіден, ол бірін-бірі достасу-сыйласуға, бірін-бірі қадірлеуге, ұйымшылдыққа, тәртіпке үйретсе, екіншіден көз мергендігіне, қол мергендігіне үйреткен.

Енді тағы бір айтатын нәрсе – халқымызда «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, құйрық жеген озар» дейтін сөз бар. Ол кезде асық ойнады, доп ойнады. Ол - бүгінгідей футбол сияқты халықаралық деңгейге шыққан, кәсіпке айналмаған кез. Қазір ол спорттың түрі болып, жұрт одан мамандық алып, жұрт одан күнкөрісті түзіп, кәсіп етіп жүр. Сол кезде олай емес еді. Бұл ойынның түр есебі ретінде ғана бағаланған, ал бала бүкіл өмірін, ұзақ күнгі тірлігін ойласпайды, сондықтан да баланың ойын бүгінгі тірлікке, күнкөріске аудару үшін әлгіндей мақалды шығарған. Жоғарыда айтып кеткендей, асық ойыны мергендікке – көз мергендікке, қол мергендікке, дос болуына, ұйымшылдыққа, төзімділікке үйретеді, соның бәрі - ғажап дүние.

Бұл дүние қазір өзгерген. Адамның түсінігі де, таным түсінігі де, қабылдау мүмкіндіктері де үлкен. Әлемдік ойындардың түрлерін көріп отыр спорт түрлері, сондықтан «біздің ауылда былай ойнайтын еді, біздің ауылда былай ойнайды» дегенін қалдыру керек. Қазақтың ұлан-байтақ даласының төрт аясы мындаған жер шақырым ғой, әр өңірде асықтың әр-түрлері ойналған. Солардың бәрін қорытып алып, ортақ ережесін шығару керек. Сөйтіп, ойынды бір ұлттық түріне айналдыруға болады.

Асық ойынын әлемдік деңгейге шығару керек. Түрік халқы атауының бәрі асық ойнай алады. Бұны тек жетілдірсе, болғаны.

**Қойшығара Салғараұлы,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Түркітанушы ғалым,
профессор, жазушы**

Асық — Қазақ балаларының ең сүйікті ойыны

Асық ойыны – Қазақ балаларының ең сүйіп ойнайтын ойыны болған. Бұл ойын балаларды мергендікке, төзімділікке баулиды. Қазақтың өмірінде мал шаруашылығы қандай маңызды болғандығының бір дәлелі осы – асық ойыны. Асық уақ малда қой, ешкіде, киікте, тау текеде болады. Асықтың бір кереметі оны ешкім қолдан жасап жатпайды. Табиғи нәрсе. Оның жақсы салмақты түрлерінен сақа жасайды. Қазақта « Қой асығы болғанмен қолыңа жақса сақа тұт, жасы кіші болса да ақылы асса аға тұт» деген мақал бар. Бір нәрсенің дайын екенін білдіретін «Сақадай сай» сөз тіркесі де бар. Қазақ баласы тумай тұрып-ақ ырым етіп асық жинаған және асықты ұл бала ойнағандықтан балаларымыз ұл болсын деп ырым еткен. Жолаушы адамның жолдан аман оралуына асық үйірген. Асықтың Алшы, Тәйке, Бүк, Шік, Омпа деген жақтары болады. Оның ішінде алшы жатысын өте бағалаған. Өмірде жолы болған дәулетті адамдарды «Асығы алшысынан түсіп тұр» деп айтқан. Қазақтың ұлттық ойыны ретінде ережесін жазып, спорт ойынына енгізсе, болашақ ұрпақтарымыз бекем, әрі мерген, әрі төзімді қасиеттерге ие болар еді. Біздің ұрпақ осы асық ойынының артықшылығын көзбен көрген ұрпақ.

Асық ойнайтын тақыр алаң жасау үшін сауыншы шешелеріміздің сиыр қораларын тазартып беріп, сабақтан бос демалыс кездерінде талай асық ойынының қызығын көруші едік-ау. Асық ойыны – балалар үшін ең қажет ойын.

Орынбасар Тұрашұлы
Зейнеткер, «Қазақстан Республикасының
құрметті спорт қайраткері»

«Асық ату — барлық ұлттық спорт түрлерінің бастауы»

Ұлттық ойынымыз Асық атуды спорт ретінде елімізге кең түрде тара-тып, әлемдік деңгейге жетуіне атсалысып жүрген біртуар азамат, Республи-калық Асық ату федерациясының атқарушы директоры, Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы, «Құрмет» орденінің иегері, Арқалық қаласының құрметті азаматы, Асық ату спортының негізін қалаушы Жомарт Сабыржа-нов ағамның осындай қанатты сөзі бар. Иә, шынымен де дүниеге келген ер бала ең алдымен есін біліп, ойын ойнай бастағанда ең бірінші асықпен танысады. Асық ойнап өсе келе қалған спорт түрлеріне бейімделеді.

Асық ату ойынының еліміздің әр өңірінде 200-ден астам түрі бар екен. Осының бәрін басын қосып, ұлттық ойынды спорт түріне айналдырған Жо-март ағамыздың еңбегі орасан зор. Бұл күнде барлық облыста Асық ату федерациялары құрылып, әртүрлі жас ерекшеліктері бойынша жастар мен жасөспірімдер және ересектер асық ату және бес асықпен тұрақты түрде шұғылданады. Жыл сайын Асық ату мен Бес асықтан жастар мен жасөспі-рімдер, кіші жасөспірімдер, ересектер мен ардагерлер арасында ел чем-пионаттары мен Кубогы өтеді. Одан бөлек бірнеше республикалық және халықаралық турнирлер бар.

Бұлардан басқа Асық ату мен Бес асық төрт жылда бір рет өтетін Халық ойындары мен «Ақ бидай» спартакиадасына да еніп, оқушылар арасында Ұлттық мектеп лигасы бағдарламасында да бар. Биыл тарихта тұңғыш рет Румынияда Асық ату мен Бес асықтан Әлем кубогы өтті. Желтоқсан айында Астанада Азия чемпионаты өтеді. Келесі жылы әлем чемпионатын өткізу жоспарлануда және елімізде келесі жылы өтетін «Көшпенділер ойын-дарында» Асық ату мен Бес асық кіреді.

Мұның бәрі айтуға оңай болғанмен, Жомарт Сабыржанұлының ұзақ жылғы еңбегінің жемісі. Бабалардан мирас болған асық ойынын халықа-ралық деңгейге шығару және асық атуды дәріптеу мақсатында көптеген шетелдерге іс – сапармен барып, ол жақта тұрып жатқан қандас бауыр-ларымызға асық ойынын көрсетіп, жарыстар өткізді.

2011 жылы Астанада өткен дүниежүзі қазақтарының құрылтайын-да, қандастарымызға асық ойынының ережесін таныстырды. 2014 жылы мамыр айында Германияда, 2016 жылы шілде айында Түркияда өткен Еуро-па қазақтарының кіші құрылтайында және Моңғолия мен Қытайда және Германияда жарыстар өткізді.

2017 жылы Кореяның Чеджу қаласында өткен үкіметаралық материал-дық емес мәдени мұраны қорғау комитетінің 12-ші сессиясына насихаттау-шы ретінде қатысып, асық ойынын ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәде-

ни мұра тізіміне енгізді. 2019 жылы Асық ойыны ұлттық спорт түрі ретінде ҚР Ұлттық олимпиада комитеті тарапынан мойындалды және ҚР Мәдениет және спорт министрлігінен Асық ату спорты түрінің дамуы бойынша өкілеттері мен құқықтарын тастайтын аккредиттеуден өтті.

Жалпы, Асық ату спорты орта мектептердің оқу бағдарламасына кіріп, мектеп оқушылары ғылыми - конференцияларға қатысып, бес асық ойынының жасөспірімдерге пайдасы туралы ғылыми жобалар жазылуда.

Асық ату спорты еліміз бойынша Нұр – Сұлтан қаласы мен Қостанай, Түркістан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қызылорда облыстарында жақсы жолға қойылған. Қазақстан бойынша спорттың осы түрінен 1003 жаттықтырушы жұмыс істейді. Оның ішінде 48-і штаттағы бапкерлер. Асық атумен шұғылданушылар саны 59950 адамға жетті. Өңірлерде 1880 асық ату спортының үйірмелері тұрақты жұмыс істейді.

2021 жылдың маусым айынан бастап Әділет министрлігі арқылы бірыңғай спорттық классификация бекітілді. Бүгінгі таңда асық атудан 30-дан астам Қазақстан Республикасының спорт шеберлері дайындалды.

Ұлттық спортымызды ұлықтау жолында осындай баға жетпес игі істерді атқарып жүрген Жомарт Сабыржанұлына барша асықшылар атынан алғыс айтамыз және ағамыздың ғұмыр жасы ұзақ болып, Асық атуды әлемдік деңгейге жеткізе беруіне тілектеспіз!

Мусағали Тасқалиев
Ақтөбе облыстық Асық ату
федерациясының президенті,
«Спорт жұлдыздары» республикалық
журналының бас редакторы,
Қазақ журналистикасының қайраткері,
Қазақ Спорт және Туризм
академиясының құрметті профессоры,
ҚР Дене шынықтыру ісінің үздігі

Кіріспе

Дүние жүзіндегі әр халықты алып қарасақ, әрқайсысында өзінің табиғаты мен болмысына сай ұлттық ойындары болған. Қазақ халқында да адамның тәні мен рухани дүниесіне пайдасы мол спорт түрлері бар. Халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы, ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсарин, ғалым Шоқан Уалихановтар ұлттық ойындардың тәрбиелік мәнінің жоғары екенін атап өткен.

Халқымыздың жарқын жұлдыздарының бірі Мағжан Жұмабаев ұлттық ойындарды «халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі» деп тұжырымдаған.

Ұлттық болмыста ешқандай басы артық дүние болмайды. Ол ойын бола ма, әдет –ғұрып, салт-дәстүр бола ма, бәрі де адамның өзінің өскен ортасына сай, жан-жақты жетілген азамат болуына көмектеседі.

Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындар халықтың өмір сүру әдісін, тұрмыс-тіршілік еңбегін, ұлттық дәстүрлерін, батырлық-батылдық туралы түсінігін дәріп-тепқана қоймай, адалдыққа, күштілікке ұмтылуға, шыдамдылыққа тағы басққа құндылықтарға тәрбиелеген. Міне осынай халық арасында, әсіресе балалар арасында кең тараған ойындардың бірі – асық ойнау.

Асық- ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулитын тәрбие көзі. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі-мергендікке, түнгісі-ептілікке баулиды.

Сабыржанов Жомарт Сабыржанұлы ұлттық ойынды ұлықтау және оны танымал ету мақсатында азаматтардың ынталы тобын құрып 2010 жылы 4 ші қазанда федерацияны заңды тұлға ретінде Әділет министрлігінен мемлекеттік тіркеуден өткізіп Республикалық Асық ату федерациясының тұңғыш Президенті болып сайланды.

2017 жылы 4-9 желтоқсанда Корея Республикасының Чеджу қаласында Үкіметаралық материалдық емес мәдени мұраны қорғау комитетінің 12 ші сессиясына Асық ойыны ЮНЕСКОның материалдық емес мәдени мұра ретінде ЮНЕСКОның қорғау тізіміне кірді.

2018 жылы 18 мамырда Асық ату Республикалық федерациясы ұлттық спорт түрі федерациясы ретінде Ұлттық олимпиада комитетімен танылды.

2018 жылы 02 қазанда Асық ату Республикалық федерациясы аккредиттеуден өтті №080.

Асық ату спорты орта мектептердің оқу бағдарламаларына , сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жүлделеріне , ұлттық спорт ойындарының бағдарламаларына және шетелде Болашақ бағдарламасымен оқып жатқан жастардың арасында сонымен қатар Дүние жүзілік қазақтар құрылтайларында жарыстар ұйымдастырылып өткізілуде.

Қазақстан құрамасы үш рет Қырғыздардың «Ордо» ойынына қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

2021 жылы Түркияда өтетін 4-ші «Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының» бағдарламасына Асық спорты кірді.

Өңірлерде ұлттық құндылықтарымыздың бірі болып есептелетін Асық ату спорты Қостанай облысы, Түркістан облысы, Жамбыл облысы, Нұр-Сұлтан қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы, Ақмола облысы және Қызылорда облыстары әр жылы өткізілген чемпионаттарда жүлдегерлер қатарынан көрініп жүр.

Қазақстанда 15 облыстарда аккредиттелген федерация жұмыс істейді, қазіргі таңда Асық атудан 1003 жаттықтырушы жұмыс істеуде. Асық ату спортымен жүйелі түрде айналысатындардың саны үнемі өсіп келеді қазіргі таңда 59 650 адам осы спорт түрімен айналысады. Өңірлерде 880 Асық ату спортының үйірмесі бар. Аккредиттен өткен жылдан бері 30 дан аса Қазақстан Республикасының спорт шеберлері дайындалды.

Асық ату спортынан алғашқы «Спорт шебері» нормативін орындағандар:

Ахметов Мухтар (Қостанай қаласы), Жиеналин Серікбай (Қостанай қаласы), Қарабаев Алмас (Түркестан облысы).

Әйелдер арасынан Сұлтанова Жанар (Қостанай қаласы), Серікова Айжан (Нұр-Сұлтан қаласы). Сол сияқты алғашқы ұлттық дәрежедегі спорт төрешілері атағына ие болғандар Сабыржанов Ж.С., Нарымбаев Е.Б., Әуеуов С.Б., Рахметов Е., Хайрулин К., Сұрағанов А.

2022 жылдың қыркүйек айында Румыния мемлекетінің Констанца қаласында асық ату спортынан әлем кубогы өтті. Осы халықаралық жарыстың жеңімпаздары Алмас Қарабаев Түркістан облысы, Самат Ауқенов, Қаржаубай Ерболат, Ж. Сабыржановтар жеңімпаз атанды. Әйелдер арасында алғашқы әлем кубогының жеңімпаздары атанғандар Думан Айлана, Даниярова Камилла, Аманжолова Аружан, Амангелді Назгүл.

2022 жылдың 1-4 желтоқсан аралығында алғашқы рет асық ату спортынан Азия чемпионаты Астана қаласында өткізілді. Осы чемпионаттың тұңғыш жеңімпаздары Қарабаев Алмас, Қайыпбеков Мырзамұрат, Айтқұлов Аамандос, Жұмағұлов Адильхан. Әйелдер арасында Ходжаниязова Анаргүл, Султанова Жанар Алиева Мариям, Думан Айлана.

Осы Азия чемпионаты қарсаңында федерация президенті болып ұлттық спорт жанашыры кәсіпкер Талғат Дүйсеков сайланды.

І. Жалпы ережелер

1. Ереже асықтан Жарыс өткізу шарттарын реттейді.

Асық ойыны балалардың бойында қазақ халқының тарихи- мәдени мұрасына құрмет сезімін қалыптастыру, сондай-ақ ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулиды, қазақтың ұлттық ойындарын білуге құштарлығын арттыру мақсатында өткізіледі.

2. Асық ойынында қолданылатын негізгі терминдер:

Асық – арқар, таутеке, қой, ешкі, елік, киіктің асық жілігімен жіліншегінің (сирағының) ортасындағы шағын сүйек;


Алшы – асықтың қырынан тұрғанда ойығы үстіне, ал тегістеу, тәйке жақ беті астына қарап түскен қалпы;



Тәйке – асықтың алшыға қарама-қарсы түскен қалпы;




Бүк (бүге) – асықтың дөңес жағының жоғары қарап түскен түрі;



Шік (шіге) – асықтың қуыс жағының жоғары қарап түскен түрі;



Омпы (омпа, оңқа) – асықтың ашасы бар жағының жерге қадалып түскен түрі;



Шоңқа – асықтың омпыға қарсы жағымен жерге қарап түскен түрі;



Кеней (кенай) – жаппай ойынға немесе ұтысқа салынатын жай қарапайым асық;



Құлжа – құлжаның (таутекенің) асығы;

Топай – сиырдың асығы;

Сызық, шеңбер – ойын барысында асық тігілетін орындар;

Көн, көмбе – асық тігілетін жердің атаулары;

Қарал, қаралық – ойын тәртібіне сай келмейтін іс-әрекет, яғни адал ойнамау деген сөз;

Табан, адым – ойында қолданылатын өлшемдер;

Қағу, қаржу, иіру, шерту, басу, тап басу – асық ойындарында қолданылатын әдістер мен тәсілдер;

«Үй ішілік» («тақта ойыны»), «далалық» («алаң ойыны») – ойнау орнына қарай ойын түрлері;

«Алшы», «Қаржу», «Бес табан» - ойнау әдісіне қарай аталатын ойын түрлері;

«Шыр» - кенейлерді бір жерге тігіп, ұтысқа ойналатын асық ойынының аты.



II. Асық ойынын өткізу тәртібі

1. Асық ойынының кезеңдері және кезеңдердегі ойын түрлері

Асық ойыны әр өлкеде әр түрлі ерекшеліктерін сақтай отырып дамыған. Осының барлығын салыстыра отырып аталған ойын түрін – «үй ішілік» немесе «тақта ойыны» және «далалық» немесе «алаң ойыны» деп екіге жіктеуге болады.

Осыған орай асық ойыны жалпы 3 түрі: тақталық (отырып ойнау) ойынның 1 түрі, алаң ойынының 2 түрі бойынша өткізіледі.

Ойын жарысы келесі екі кезеңнен тұрады:

I кезең - өңірлік іріктеу кезеңі;

II кезең – ақтық кезең.

Әр кезеңдегі сайыс жеке жарыс ұстанымы бойынша және төменде көрсетілген ойын түрлерінен өтеді:

1. Асық ату, «Бес табан» (алаң ойыны) ойыны;
2. Шыр «Алшы» (алаң ойыны) ойыны;
3. Бес асық (кілемшеде отырып ойнау).

Әр ойын түріне әр топтан бір баладан ғана қатысады. «Алшы» ойынына топ капитандары қатысады.

Екі кезеңдегі жеңімпаздар ұпай немесе асық саны бойынша анықталады.

Өңірлік іріктеу кезеңі аудандарда, облыстарда және Астана мен Алматы, Шымкент қалаларында өткізіледі. Іріктеу кезеңін ұйымдастыру мен өткізуді өңірлердегі жергілікті атқару органдары, үйлестіру жұмыстарын спорт мекемелері жүзеге асырады.

Өңірлік іріктеу кезеңдері аудандық және облыстық деңгейлерде өтеді.

Аудандық іріктеу кезеңдеріндегі жүлделі 1-ші, 2-ші, 3-ші

орындарды иеленген балалардан топ (команда) жасақталып, облыстық жарыстарға жіберіледі. Облыстық іріктеу кезеңдеріндегі жүлделі 1-ші, 2-ші, 3-ші орындарды иеленген балалардан топ (команда) жасақталып, ақтық кезеңдегі жарыстарға жіберіледі.

Аймақтық және республикалық деңгейдегі ойындарды қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілуін ұйымдастырушылар жүзеге асырады. Асық ойындарынан өткізілетін жарыстар табиғи асықтармен және арнайы пластикалық асықтармен өткізіледі. Ойыншылар сақасы, қашап тесілмеген, қорғай құйылмаған табиғи болуы қажет. **Сақаның салмағы 28-30 гр. аспауы тиіс, алаңға тігетін кенай асықтардың салмағы 17 гр. ал бес асық ойынындағы асықтар салмағы 11 гр. болуы керек.**

**«БЕС АСЫҚ» ойын ережесі
(Қыздар, әйелдер ойыны)**

Әр ойыншыда бес асықтан болады. Асықтың салмағы (11гр. ені 2см; ұзындығы 3.5см; 9 гр. ені 2 см. ұзындығы 3 см.) кем болмауы керек, (ұсақ малдың асығы ойын алаңына қатыстырылмайды) ал жоғары болуына рұқсат. Асықтар сіңірінен жақсылап тазартылған болсын. Төрт асық бір түспен, хан басқа түспен боялады. Түстерді таңдау ойыншының өз еркінде. Ойыншының киім нысаны спорт үлгісінде немесе ұлттық үлгіде болуы шарт, аяқтарына мәсі немесе чешки.


Ойын мазмұны. Ойын кезегі асықтарды иіру арқылы анықталады. Асығы алшысынан түскен ойыншы ойнау кезегіне ие болады. Бірінші ойыншы ойынның ережесін бұзғанша ойнайды. Кейін ойынға екінші, үшінші ойыншы өз кезегімен кіріседі. 6 ж., 7 ж., 12 және ұпайдан басқа ойындар бір қолмен ойналады. Ойыншы жерден (кілемнен) асықтарды алғанда, асық алатын қолы басқа асықтарға тимеуі және кілемде жатқан ойын асықтары бір-біріне тимеуі керек және де асықтарды иірген кезде, ойнап жатқан кездерде қол да, асықтар да дене мен киімге жанаспауы керек. Екінші қолы тізесінің үстінде болуы шарт. Әр жаттығудан кейін ойынды бекіту. Әр жаттығуда хан бірден алынады, басқа жағдайда ойын кезегі келесі ойыншыға өтеді. Егер ойын барысында ереже бұзылса, кезек келесі ойыншыға беріледі. Ойын жалғасы әрекеттің бұзылған жерінен басталады.

1. «Бірлік». Ойыншы кілемге бес асықты иіріп тастайды, міндетті түрде ханды алады, (Хан асық ойын жүргізетін негізгі асық болып есептеледі).




Ойыншы ханды жоғарыға лақтырып, кілемде жатқан асықтардың бірін алып, лақтырған ханды қағуы керек. Хан қайта жоғары лақтырылып, кілемдегі шашылған асықтардың екіншісі, кейін үшінші, төртінші алынады. **Ескерту:** Ханды қаққан кезде алақанның сырты кілемге жанаспауы керек. Кілемнен алынған асықтар, бөлек жиналады.


2. «Екілік». Бес асық шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен екі асық алынады да бірліктегідей лақтырылған хан қағылып алынады. Кейін тағы екеуі алынады. Кілемнен алынған асықтар бөлек жиналады.



3. «Үштік». Бес асық шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен үш асық алынады. Хан қайта қағылады. Кілемде қалған жалғыз асық ханды жоғары лақтырып, бөлек алынады, хан қайта қағылады.



4. «Төрттік». Барлық бес асықты алақанда ұстайды. Хан жоғарыға лақтырылып, қалғандары бірден кілемге қойылады да лақтырылған асық қағылып алынады. Кейін хан жоғарыға лақтырылып, төртеуі жиылып алынып, лақтырылған хан қағылады.



5. «Жалақ». Барлық асықтар алақанға жиналады, хан жоғары лақтырылып, қалған төрт асықты қапсыра ұстап, сұқ саусақ үш немесе бес рет (келісім бойынша) алға немесе артқа қарай үйкеліп кілемге жала-тылады, шамалап 5 см (ерсілі – қарсылы үйкеуге, кілемді нұқуға болмайды). Ханды құлатпай қағып алу керек.




6. «Алақан». Асықтар кілемге шашылады, қолдың алақаны үстіне қаратылып, кілем үстіне сырт жағымен қойылады, хан жоғарыға лақтырылып, кілемдегі асықтардың біріншісі алынып, алақанға қойылады, хан қайта қағылады. Екінші, үшінші, төртінші асық та осылай ойналады, соңында хан-

ды алақанға қоямыз. Асықтар алақанға ғана жиналады, егер білезіктің үстіне қарай асықтың тұмсығы болса да шығып кетсе қатеге есептеледі.



7. «Төрт бұрыш». Төрт асық шаршы бойынша (шамамен 20*20см. ересектер, 10*10 см. жасөспірімдер) қойылады. Ойыншы асығын жоғарыға лақтырып, шаршылай тігілген асықтарды бірден жинап, лақтырылған асықты қағып алуы тиіс.



8. «Алмастыру». Асықтар кілем үстіне шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен бір асық алынып, лақтырылған асық қағылады. Ойыншының қолында екі асық болады. (Хан екінші қолдың көмегісіз алға яғни саусақтарға ауыстырылады). Ол жоғарыға лақтырылып, қолда қалған екіншісі

«Асық» ойынының ережесі


кілемде жатқан басқа асықпен алмастырылады да лақтырылған хан қағылып алынылады. Осылайша, асықтарды алмастыра отырып, олар бір жерге жинастырылады. Соңында хан жоғары лақтырылады, қолға төрт асық жиналып алынады да хан қайта қағылады.



9. «Үндемес». Бірліктегі әрекет қайталанады, бірақ лақтырылған асықты ұстар кезде қалғандары бір-біріне соқтығысып сартылдаған немесе т.б дауыс шығармауы керек.



10. «Сарт-сұрт». Бірліктегі әрекет қайталанады, бірақ лақтырылған асықты ұстар кезде, асықтар бір-біріне тиіп, екі рет сарт – сұрт еткен дыбысы естілуі тиіс.



11. «Қаршу». Асықтар шашылады. Хан жоғарыға лақтырылады. Кілем үстінде шашылып жатқан асықтардың біреуін көтеріп, түсіп келе жатқан ханды үстінен қаршып қағу керек. Сонда қолда екі асық болады. Көтерілген асықты бөлек жинаймыз. Ханды лақтырып, қалған асықтарды бір-бірлеп теріп, түсіп келе жатқан ханды қаршып қағып отыру керек.



12. «Нәби». Ойыншы сол қолының бас бармағы және ортаңғы саусағының көмегімен «дарбаза» құрады, оң қолмен құрылған «дарбаза»

ның үстінен асыра алдыңғы жаққа асықтарды шашады. Хан жоғарыға лақтырылады, ал қалған асықтарды бір- бірден сыдыртып «дарбазаның» астымен қолдың арғы жағына өткізіп барып лақтырылған ханды құлатпай қағу керек. Осылайша «дарбазаға» барлық асықтар кезекпен енгізіледі. Бұл әрекетте ереже бар: ойыншы тағы бір асық таңдайды – «ағалық» («нәби»). Бұл ең жақыны немесе алыс асық болуы мүмкін, ол туралы ойынның бас кезінде келісіледі. Ол «дарбазаға» ең соңғы болып кіргізіледі. Бұл асықты қарсыласы таңдайды.



Ұпайларды санау

Алдыңғы әрекеттерді аяқтаған соң, ойыншы өзіне екі жолмен ұпайларды жинайды.

1. Жоғарыға 5 асық лақтырып, оларды алақанның сыртымен ұстап алады. Қайта жоғарыға лақтырып, оларды үстінен қаршып ұстайды. Әр асық 10 ұпаймен есептеледі. Егер ойыншы барлық 5 асықты ұстап алса, онда 50 ұпай жинайды. Егер ұпай алар кезде ойыншы 0 яғни еш ұпай ала алмаса, сол ойында ұпай алуға екінші мүмкіндік берілмейді, кезегін қарсыласына береді. Келесі ойын бірліктен бастайда.

2. Ойыншы қолын сыртқа қаратып, барлық асықтарды жоғарыға лақтырады. Кейін оларды астынан алақанын ашып, ұстап алады. Әр асық үшін 10 ұпайдан алады.

Ойыншылар кілемнен асықтарды алған кезде, басқа асықтарға қолдары тимеуі керек. Егер ойын ережесі бұзылса, ойынды келесі ойыншы жалғастырады.

Ойын әр қашан бұзылған жерінен жалғастырылады.



Жеңістің берілу шарты: Қай ойыншы бұрын 150 ұпайға қол жеткізсе, жеңісті иеленеді. Бірақ кезек алған бірінші ойыншы ойынды басынан аяғына дейін тоқтамастан ойнап 150 ұпайды толық алып кетсе, екінші ойыншыға бір мүмкіндік беріледі. Екінші ойыншы өз шеберлігін көрсетуге құқылы. Егер ол да бірінші ойыншы сияқты өз ойын тоқтамастан ойнап, 150 ұпай жинаса тең дәрежелі ойын деп есептеліп, жеңіс асық иіру арқылы анықталады. Ересектер-150 ұпай, жасөспірімдер – 100 ұпай.

Ескеру: Бес асық ойны уақытқа ойналады. Ересектерге жалпы 15 минут, жасөспірімдерге 10 минут уақыт беріледі. Әр ойыншы ойын барысында 1 минуттық үзіліс алуға құқылы.

Төреші ойын барысын толық өз бақылауында ұстайды. Ойын ережелерін, тәртібін, тыныштығын бұзған ойыншыға 1-рет ауызша ескерту жасалады, 2- рет сары кәртішке көрсетіледі, ескертулерге құлақ аспаса 3-рет қызыл кәртішке көрсетіліп ойыннан босатылады.

Тәртіп санкциясы

Ойыншылар:

Ойыншы төрешінің шешіміне демонстрациялық түрде мінез көрсетсе, төрешілерге, қарсыластары мен көрермендерге қарсы дөрекілік көрсетсе, әдепсіз сөйлесе, басқа да осыған ұқсас әрекеттері қарсылық ретінде қарастырылады.

Мұндай жағдайда ойыншыға қатысты барлық жазалау ресми Ережеге сәйкес орындалады.

Жаттықтырушылар:

Төрешіге қарсы шыдамай тіл тигізгенде цензура талаптарына қайшы сөздер айтылғанда, даулы тәртіпсіздік әрекеттер туындаған жағдайда, ойын есебі төрешінің шешімімен есептеледі. Мұндай жағдайда жаттықтырушы сары немесе қызыл карточкамен жазаланады. Бас төреші өзінің шешімімен жаттықтырушының 1 және одан да көптеген ойындарда істеген тәртіп бұзушылық әрекеттерінің шамасына қарай біліктілігін төмендетуге құқылы.

Асық ату «БЕС ТАБАН» ойынының ережесі (Ересектер мен жастар)

1.1. «Бес табан» ойыны R5 (ø500см) шеңберде ойналады, шеңбердің екі жағындағы ату сызық (асық тігілген көнен қашықтығы 6 метр оңға және солға) сызылады.

-Шеңбердің ортасына көн сызығы (115см) сызылады және оған екі жағынан параллель сызық (15см) түседі 15 асық тігіледі, бірінші болып 8 асықты атып алған команда немесе ойыншы жеңімпаз атанады.

-Әр команда үш ойыншыдан тұрады. 1-сақа, 2-сақа, 3-сақа

1.2. Ату кезеңін төреші сақаларды иіру арқылы анықтайды және ойын уақытын 15 минут белгілейді. Ойын 2 жеңіске дейін жалғасады. Ойынға қатысушылар ату сызығынан (115см) кезек бойынша шеңбер ішіндегі көндегі асықтарды атады. Мұнда көнге тігілген кеней асықтардың арасы бір сақа тең болуы шарт және кенейлер алшысы жағынан бүк , шік болып тігіледі.

1.3. Ату кезінде сақа тиген кеней асық шеңбер сызығынан өтуге міндетті, егер асықты сызықтан шығарып алса ойыншыға мүмкіндік береді, төреші ойыншыға шеңбердің (ø500см) сыртынан яғни белгіленген ортадағы сызықтан көндегі кеней асықтарды атуға рұхсат береді, атқан асығы шеңберден шықса ,ойын ары жалғасын табады, шығара алмаса кезек ату сызығынан қарсылас ойыншыға беріледі

Ойын барысындағы төрешілер ескеретін қателіктер:

1.4. Ату сызығын (басып) атуға болмайды, ойыншының атысы есепке алынбайды.

1.4.1. Ату сызығынан қолдан сақа шықпай, аяқпен шығып кетсе ойыншының атысы есепке алынбайды.

1.4.2. Ату сызығынан (115см) белгіден дұрыс шықпай, аяғымен сызықтан тыс жерден шықса ойыншының атысы есепке алынбайды.

1.4.3. Ату сызығынан (115см) дұрыс атпаса яғни дөрекі қимылдармен атса ойыншының атысы есепке алынбайды.

1.5. Ойыншы ату сызығынан сақаны атқанан соң алаңдағы төрешімен қапталдағы төрешінің алдын кеспей артынан айналып өтіп алаңның келесі жағына өтеуі тиіс, төрешінің алдынан және шеңберді басып өтсе, ауызша ескерту екінші рет қайталаса қарсыласына шеңберден мүмкіндік беріледі.

1.5.1. Ойыншылар сылбыр әдейі уақытты созғаны үшін бір рет төрешіден ауызша, екінші ретінде ескерту беріліп қарсылас ойыншыға шеңберден мүмкіндік беріледі.

1.5.2. Ойыншы ату және шеңбер сызығынан сақаны сырғытып атса ойыншының атысы есепке алынбайды.


1.6. Ату сызығынан ату кезінде ойыншы талапқа сай шеңберден шығарса яғни мүмкіндікке ие болады, ойынды міндетті түрде шеңбердің, белгіленген сызықтан келіп атуға тиісті, шеңберден шығара алмаса, асық қайта тігіледі, кезек қарсылас ойыншыға ауысады.

1.6.1. Ату сызығынан ату кезінде ойыншы талапқа сай шеңберден шығарса немесе шығара алмасада шеңберден айналып өтуі тиіс, шеңбер сызығын басып әлде кесіп өтіп жатса, шеңбер сызығына, шеңбер ішіне қол тіресе, ойыншының атысы есепке алынбайды.

1.7. Осы жоғарғыдағы қателіктер екінші рет қайталаса төреші тарапынан ескерту беріліп қарсылас ойыншыға шеңберден атуға мүмкіндік беріледі.

1.8. Әр кезеңде уақыт аяқталып ойыншылар тең түскен жағдайда, төреші қосымша 3 минут уақыт береді, ол кездеде тең түсіп жатса, ойыншылардың сақаларын иіріп шеңберден 3 мүмкіндік береді, бұл кездеде жеңімпазды анықтай алмаса, төреші соңғы шартты яғни сақа иіру амалымен жеңімпазды анықтайды.

«Бес табан» ойынының схемасы (Ересектермен жастар)



2.1. Ату кезінде сақа тиген асық шеңбер сызығынан өтпей егер асық сызықтан өтпей бір табан бойында және шеңбер сызығы бойында қалса ойыншыға оңтайлы мүмкіндік береді,яғни төреші ойыншыға шеңбердің (Ø 500см) бойынан (оңға немесе солға) бес табан санап жығылған асықты атуға рұхсат береді, ойын сол асық арқылы жалғасын табады.

«БЕС ТАБАН» пәрмені



2.2. Ату кезінде сақа тиген кеней асық шеңбер сызығынан өтпей көн сызығы мен шеңбер бойы сызығынан яғни бір табаннан ұзақ аралығыңда құласа ойыншы жығылған асықты диагональ бағытта атады. Бұл жағдайда жығылған кеней асықпен көндегі асықтардың бірін іле бірге шығарса екі асығыда есепке алынады.

«ДИАГОНАЛЬ» пәрмені



2.3. Ату кезінде сақа тиген кеней асық көн сызығына параллель жатқан сызықтың арасында жығылып қалса ойыншыға оңтайлы мүмкіндік береді, яғни төреші ойыншыға шеңбердің (Ø 500см) (оң қанатынан немесе сол қанатынан) жығылған асықты атуға рұхсат береді, ойын сол асық арқылы жалғасын табады.

«ПАРАЛЛЕЛЬ» пәрмені



«Асық ату» ойынының өткізу тәртібі:

3.1. Асық ату ойыны түріне қатысу үшін өтінімі жасалады, өтінім берген кезде команда өкілі сақалар бойынша ойыншыларды бірінші сақа, екінші сақа ойыншысы деп жазып көрсетуге міндетті.

3.2. Әр команда өкілі жеребе рәсімі кезінде бір түске боялған және нөмірленген көнге тігілетін 20 асығы болуы керек, әр асықтың салмағы 15 гр кем болмауы тиіс, асықтары болмаған жағдайда жеребе рәсіміне жіберілмейді.

3.3. Сәлемдесу кезінде команда хаттамада көрсетілген ойыншылар толық құрамда шықпаса бес минут күтеміз содан кейін қайсы сақа ойыншысы жоқ болса сол сақаға жеңіліс жазылады.

3.4. Ойын басталар алдында асық ату кезегін бірінші сақа ойыншылар арасында иіру арқылы анықталады. Кімнің сақасы алшысынан түссе яғни ойынды бастайтын ойыншының асықтары тігіледі ал екінші кезеңде қарсыласы бастайды соның асықтары тігіледі, тең түсіп үшінші кезең ойналатын болса тағыда төреші сақа иіріп анықтайды.

3.5. Ойын басталған кезде команда өкілі немесе бапкері қапталдағы төрешінің оң және сол қанатындағы ату сызығы тұсында болуы керек оң қанатында ойынды бастаған ойыншының бапкері ал екінші ойыншының бапкері сол қанатта тұруы шарт.

3.6. Команда өкілі ойын барысында бір кезеңде бір рет тайм аут алуға құқылы

3.6.1. Алаңдағы хатшы ойын барысында, уақыт пен таблоға басшылық жасайды

3.7. Ойыншы ойын барсында белгілі жағдай денсаулығына немесе жарақатына байланысты ойыншы жалғастыра алмаса жеңіс қарсыласына беріледі

3.8. Асық ойыны спортында эстетикалық жағдайын да ескеру мақсатында яғни Қазақстан Республикасы Чемпионаты мен Қазақстан Кубогі және

Халықаралық турнирлер ,Гимназида ,Ұлттық мектеп лигасы жарыстары ғимарат ішінде арнайы төсеніште (ковралан асты резинкелі) ойналады. Жарысты қабылдайтын өңірлер спорт алаңының тәртібін сақтауға және спорт алаңдарын дайындауға міндетті.

3.9. Барлық жарыстар : еденде, линелиум ,паркетте ,асфальта, бетонка, бручаткада, құм топырақ т.б жерлерде ойнауға рұқсат берілмейді.

Тәртіп санкциясы

Ойыншылар:

Ойыншы өзінің мінез –құлықын төреші шешіміне көрсетсе, төрешілерге, қарсылыстар мен көрермендерге қарсы дөрекілік әрекеттеріне, әдепсіз сөйлеуге демонстрациялық түрде басқа да ұқсас әрекеттерге қарсылық ретінде қарастырылады;

Мұндай жағдайда ойыншы барлық жазалау ресми Ережеге сәйкес орындалады

Жаттықтырушылар:

Төрешіге қарсы шыдамай тіл тигізгенде, цензура талаптарына қайшы сөздер айтылғанда, даулы тәртіпсіздік әрекеттер туындаған жағдайда ойын есебі төрешінің шешімімен есептеледі.

Мұндай жағдайда жаттықтырушы сары немесе қызыл карточкамен жазаланады.

Бас төреші өзінің шешімімен жаттықтырушының 1 және одан да көптеген ойындарда істеген тәртіп бұзушылық әрекеттерінің шамасына қарай біліктіліген төмендетуге құқылы.


Асық ату «БЕС ТАБАН» ойынының ережесі (7-10 жас)

1.1. «Бес табан» ойыны R3 (Ø300см) шеңберде ойналады, шеңбердің екі жағындағы ату сызық (асық тігілген көнен қашықтығы 3 метр оңға және солға) сызылады.

-Шеңбердің ортасына көн сызығы (110см) сызылады және оған екі жағынан параллель сызық (15см) түседі 13 асық тігіледі, бірінші болып 7 асықты атып алған команда немесе ойыншы жеңімпаз атанады.

-Әр команда үш ойыншыдан тұрады. 1-сақа, 2-сақа, 3-сақа

«Бес табан» ойынының схемасы (7-10 жас)



1.2. Ату кезеңін төреші сақаларды иіру арқылы анықтайды және ойын уақытын 10 минут белгілейді. Ойын 2 жеңіске дейін жалғасады. Ойынға қатысушылар ату сызығынан (115см) кезек бойынша шеңбер ішіндегі көндегі асықтарды атады. Мұнда көнге тігілген кеней асықтардың арасы бір сақа тең болуы шарт және кенейлер алшысы жағынан бүк, шік болып тігіледі.

1.3. Ату кезінде сақа тиген кеней асық шеңбер сызығынан өтуге міндетті, егер асықты сызықтан шығарып алса ойыншыға мүмкіндік береді, төреші ойыншыға шеңбердің (ø300см) сыртынан яғни белгіленген ортадағы сызықтан көндегі кеней асықтарды атуға рұхсат береді, атқан асығы шеңберден шықса ,ойын ары жалғасын табады, шығара алмаса кезек ату сызығынан қарсылас ойыншыға беріледі.

Асық ату «БЕС ТАБАН» ойынының ережесі (11-13 жас)

1.1. «Бес табан» ойыны R4 (ø400см) шеңберде ойналады, шеңбердің екі жағындағы ату сызық (асық тігілген көнен қашықтығы 4 метр оңға және солға) сызылады.


-Шеңбердің ортасына көн сызығы (115см) сызылады және оған екі жағынан параллель сызық (15см) түседі 13 асық тігіледі, бірінші болып 7 асықты атып алған команда немесе ойыншы жеңімпаз атанады.

-Әр команда үш ойыншыдан тұрады. 1-сақа, 2-сақа, 3-сақа

1.2. Ату кезеңін төреші сақаларды иіру арқылы анықтайды және ойын уақытын 10 минут белгілейді. Ойын 2 жеңіске дейін жалғасады. Ойынға қатысушылар ату сызығынан (115см) кезек бойынша шеңбер ішіндегі көндегі асықтарды атады. Мұнда көнге тігілген кеней асықтардың арасы бір сақа тең болуы шарт және кенейлер алшысы жағынан бүк , шік болып тігіледі.

1.3. Ату кезінде сақа тиген кеней асық шеңбер сызығынан өтуге міндетті, егер асықты сызықтан шығарып алса ойыншыға мүмкіндік береді, төреші ойыншыға шеңбердің (ø400см) сыртынан яғни белгіленген ортадағы сызықтан көндегі кеней асықтарды атуға рұхсат береді, атқан асығы шеңберден шықса ,ойын ары жалғасын табады, шығара алмаса кезек ату сызығынан қарсылас ойыншыға беріледі.

«Бес табан» ойынының схемасы (11-13 жас)



Асық ату «БЕС ТАБАН» ойынының ережесі (14-16 жас)

1.1. «Бес табан» ойыны R4 (Ø500см) шеңберде ойналады, шеңбердің екі жағындағы ату сызық (асық тігілген көнен қашықтығы 5 метр оңға және солға) сызылады.

1.2. Ату кезеңін төреші сақаларды иіру арқылы анықтайды және ойын уақытын 15 минут белгілейді. Ойын 2 жеңіске дейін жалғасады. Ойынға қатысушылар ату сызығынан (115см) кезек бойынша шеңбер ішіндегі көндегі асықтарды атады. Мұнда көнге тігілген кеней асықтардың арасы бір сақа тең болуы шарт және кенейлер алшысы жағынан бүк , шік болып тігіледі.

1.3. Ату кезінде сақа тиген кеней асық шеңбер сызығынан өтуге міндетті, егер асықты сызықтан шығарып алса ойыншыға мүмкіндік береді, төреші ойыншыға шеңбердің (Ø500см) сыртынан яғни белгіленген ортадағы сызықтан көндегі кеней асықтарды атуға рұхсат береді, атқан асығы шеңберден шықса ,ойын ары жалғасын табады, шығара алмаса кезек ату сызығынан қарсылас ойыншыға беріледі.

ШЫР «АЛШЫ»

Ортаға диаметрі 8 метр шеңбер сызылады (3 сурет). Шеңбердің ортасынан бөле көмбе сызығы сызылады. Ойыншыларға бір сақа, 4 кенейден беріледі. Ойыншылар сақасын алып қалып, қалған бір кенейден көнге тігеді.

Оны шыр дейді.

Асық ойынында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдалып алынады. Ойыншылар сақада көрсетілген номер кезегімен ойын бастайды.

Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді.

«Алшы ойыны» сақаның салмақты да алшы тұрғыштығына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет.


«Алшы ойынында» 1 алаңға 4 ойыншыдан шығады. Бірінші бала сақасын ешкім көздей алмайтындай жерге алысырақ тастайды. Екінші баланың да, басқасының да солай тастауына болады. Оны «жаттым» дейді. Бірақ тастаған сақа атуға ыңғайлы жатса, кезетегі түптегі қарсылас көздеп атуға құқы бар.

Тигізсе «өлді» дейді. «Өлген» сақаның иесі келесі кезекке дейін ойыннан шығады. Алдыңғы баланың одан да әрі маңында жатқан сақаларды атып «өлтіруге» еркі бар. Болмаса, бір сақаны «өлтіргеннен» кейін, сол жерден «шырды» атып бұзады.



Сақасының жұбына қарай құлаған асықтарды жиып алып, енді біртіндеп кенейлерді атады. Жұп түссе – ұтысын алып, ойынды жалғастыра береді. Бөлек түссе, сол жатқан жерінде жатады. Егер сақасы кенейлермен жұп түспей-ақ алшы түссе, ойыншының қайта атуына болады. Тәйке түссе, алыстау басқа жаққа «жатуға» болады. Бұл заңдылық сақаны сақа көздегенде де сақталады. Тимей кетіп, бүгіннен не шігінен түссе, сол жерде жатады. Қарсылас ойыншы кезегін алғанда, оны оп-оңай өлтіре салады. Бұл ойында сақаны атып «өлтіріп» не «шыр» бұзып, жұп асықтарды көбірек ұтып, көбірек ұпай жинаған ойыншылар жеңімпаз деп танылады.

«Шыр» түбінде ең соңғы баланың сақасы ған жата алады. Оның пайдасы, қарсыластар сақаларын атып, ұзап кетеді де, «шырға» тигізе алмай қалады. Кезегі келгенде «шырды» бұзып, жұп – асықтарды жиып алады. Ыңғайлы кенейді жақын жатқан сақаға қарай атып жақындап, кенеймен жұп түссе, оның сақасын «өлтіруге» болады. «Шырды» бұзып, бар кенейді ұтқан бала жеңімпаз атанып, ойынды басындағыдай қайта жалғастырады. Кенейі біткендер ойыннан ұтылып шығып қалады. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды.



III. Асық ойыны жарысына қатысу тәртібі

Ойынға өңірлік іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздары болып табылатын оқушылар және ересектер қатыса алады.

Ойынға қатысушылар өз топтарын ажыратып тұруы үшін жарысқа қатысушы топтар біркелкі киім үлгісін қолдануы тиіс. Ойыншылар ұлттық нақыштағы киім үлгісін қолдануына болады.



Киімнің жеңі, етегі асық атуға, иіруге, лақтыруға кедергі келтірмейтіндей ықшам болуы шарт.

Ойынға қатысу үшін өтінімдер белгіленген уақытқа дейін қабылданады.

Поезд, автобус номері, делегациялардың келу және қайту күні, уақыты туралы ақпаратты; жауапты тұлғалардың қолымен және мөрмен бекітілген нақтыланған делегация тізімін ұсынылған нысан бойынша (№1 қосымша) беруі қажет.

Ойыншыларда міндетті түрде жеке басын куәландыратын құжаты болуы шарт.

Жарысқа қатысушылар

1. Жарысқа қатысуға арнайы жаттығулармен айналысып бапкермен дәрігердің рұқсатын алған азаматтар қатыса алады.

2. Әр жарыс алдында мандат комиссиясы (құрамында жарыстың бас төреші, бас хатшы, дәрігер жарысқа қатысушылардың құжаттарын тексеріп) қатысуға рұқсат береді.

Команда өкілдері, бапкер және команда капитаны

Жарысқа қатысатын команданы басқарып әкелетін міндетті түрде өкілі болуға тиісті. Егерде арнайы өкілі болмаса оның міндетін жарыс кезінде бапкер не команда капитаны атқара алады. Ол жарыс кезінде төрешілер алқасымен жарысқа қатысушылар арасында байланыс жасайды.

-команда өкілі ойыншылардың тәртіпті сақтап жарысқа қалмай келуіне жауапты

-команда өкілі жеребіге қатысып төрешілер алқасының жиналысына қатысуға міндетті

-команда өкілі жарыс кезінде ауызша наразылық білдіріп, кездесу біткеннен кейін 30 минуттың ішінде наразылығын жазбаша түрде бас төрешіге тапсыруы тиіс. 30 минут өткеннен кейін наразылық өтініш қабылданбайды да, қаралмайды.

Жарыс дәрігері

1. Жарыстың дәрігері төрешілер алқасы бас төрешінің орынбасары ретінде кіреді.

2. Дәрігер қатысатын команданың өтініш құжатын тексеріп, дәрігерлік рұқсат белгісі барын тексереді. Дәрігердің рұқсаты (қолы мен мөрі) болмаған жағдайда жарысқа қатыстырмайды.

3. Жарысты бақылап, жарақат алған спортшыға дәрігерлік көмек көрсетіп, жарысты жалғастыруға не ойыншыны алмастыруға дәрігер шешім қабылдайды.

4. Жарыс аяқталғаннан кейін бір күннің ішінде дәрігерлік қортынды есепті тапсыруы тиіс.

1. Делегация құрамы

Әр өңірден келетін делегация құрамы 5 адамнан аспауы тиіс:

Жетекші-бапкер – 1 адам;

Қатысушы – 4 адам.

Барлық ұйымдастыру мәселелерін шешуді, олардың тұрғын жайы мен тамақтану шығыстарын жарысқа жіберуші жақ көтереді.

Ұйымдастыру комитеті жоғарыда аталған адамдардың чемпионат өтіп жатқан залдарға, чемпионаттың ашылуы мен жабылуына кедергісіз өтуі мақсатында аккредиттеуді олардың келуіне өтінім делегацияның негізгі құрамымен берілген жағдайда ғана кепілдендіреді.

IV. Төрешілер алқасы

1.Төрешілер алқасын, жарысты ұйымдастырушы федерация не өткізуші мекеме бекітеді.

2.Құрамына кіретіндер: бас төреші, оның орынбасары, бас хатшы, жарыс төрешілері, дәрігер, техникалық хатшылар.

Бас төреші

1.Бас төреші жарыстың ережесіне сәйкес бұлжытпай орындап жарысты ұйымдастырып өткізуге міндетті.



2.Бас төреші жарыс алдында қатысушылардың жеребісін өткізіп, жарыстың өткізу жоспарын жасап бекітеді, және әр ойынға төрешілерді бекітеді.

Бас төрешінің құқығы

- а) Жарыс алдында өткізетін орын дайын болмаса, жарысты тоқтатуға;
- б) Жарыс барысында ауа райының келенсіздігіне байланысты, не басқа жарыс өткізетін орында қолансыз жағдай туындаса жарысты тоқтатуға не үзіліс жариялауға;
- в) егерде сондай ерекше жағдай туындаса, кездесу кестесін өзгертуге;
- г) жарыс барысында төрешілерді ауыстыруға;
- д) өрескел қателік жіберген төрешіні жарыстан аулақтатуға (босатуға);
- е) жарысқа қатысатын адамның спорттық дәрежесі мен жасы жарыс ережесіне сәйкес болмаса шектеуге;
- ж) өрескел тәртіп бұзған спортшыны жарыстан шектетуге;

3.Төрешілермен керісіп, дәлелі жоқ наразылық білдіріп ұрыс шығарған команда өкілін жарыс аланынан шектетуге.

4.Егерде жарыс өткізіп жатқан төрешілер ортақ шешімге келе алмаса, бас төреші жарысты тоқтатып олардың пікірін біліп ақылдаса келе шешім қабылдауға.

5.Егерде бір команданың өкілі төрешінің шешіміне алғашында ауызша, одан кейін жазбаша түрде наразылық білдірсе, бас төреші сол күннен қалдырмай мәселені қарап, әділ шешімін шешуге тиісті.

6.Бас төреші төрешілер алқасының мәжілісін жарыстың алдында, және сонында, қажетті болса кез келген уақытта өткізе алады.

Бас хатшы, көмекшілері және техникалық хатшылары

Бас хатшы төрешілер алқасының хаттамасын жүргізеді, жарыс кестесін құрады, бас төрешінің бұйрықтары мен шешімдерін дайындайды, тапсырған арыздарды қабылдап, тіркегеннен кейін бас төрешіге тапсырады.


Жарыстың барлық протоколдарын жүргізіп, бас төрешінің рұқсатымен тілшілер мен командалар өкілдеріне жарыс туралы мағлұмат таратады.

1. Төрешілердің асық ойынында қолданылатын ым – белгілері:

Бүк – жұмылған қолды алға созып саусақтардың бүгілген жағын төмен қарату.



Шік – жұмылған қолды алға созып саусақтардың бүгілген жағын жоғары қарату.



Алшы – жұмылған қолды алға созып бас бармақты тік ұстау.



Тайке - саусақтарды түзу ұстап, қырынан көрсету



Омпа – қолды алға созып бес саусақты төмен қаратып ұстау (90°)



